

АЙМАҚТЫҚ СӘЙКЕССІЗДІКТЕРДІ АНЫҚТАУ ЖӘНЕ АЙМАҚТЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӘЛЕУЕТІ МЕН БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН БАҒАЛАУ

БАЙЖОЛОВА Р.А.*¹

экономика ғылымдарының докторы, профессор
¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Астана қ., Қазақстан Републикасы

НҰРАЛИНА К.Т.²

²Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті, Семей қ., Қазақстан Республикасы

АҢДАТПА. Әлемнің барлық елдерінде – аймақтар географиялық жағдайының, табиғи-климаттық жағдайларының, демографиялық ахуалдың, даму тарихының және басқа да факторлардың айырмашылығына байланысты әлеуметтік-экономикалық дамудың әртүрлі деңгейіне ие. Бұл көптеген маңызды әлеуметтік-экономикалық мәселелерді тудырады. Әрбір мемлекет артта қалған аймақтарда өмір сүру деңгейін жақсартуға, яғни жағдайларды теңестіруге және олардың даму деңгейін арттыруға бағытталған аймақтық саясатты жүргізуге ұмтылады.

Зерттеудің мақсаты – Қазақстан Республикасындағы нарықтық трансформация салдарынан болған аймақтық сәйкессіздіктерді анықтау және оның экономикалық әлеуеті мен бәсекеге қабілеттілігін бағалау.

Аймақтық сәйкессіздік дәрежесін және Қазақстан аумағының экономикалық дамуының негізгі трендтерін талдау үшін жалпы өңірлік өнім (ЖАӨ), жан басына шаққандағы ЖАӨ, халық саны, экономикада жұмыспен қамтылғандар саны, өнеркәсіп өнімінің көлемі т.б. сияқты көрсеткіштерді пайдалану ұсынылады. Ал аумақтың экономикалық әлеуеті мен оның бәсекелестік қабілеттілігін интегралды бағалау әдістері арқылы жүзеге асыру қарастырылады. Көрсеткіштердің бұл тобы аймақтың әлеуетін бағалау, оның маңыздылық дәрежесін (экономикалық дамуға әсер ететін) және өңірдегі экономикалық жағдайды сипаттайтын динамиканы өлшеу үшін ұсынылады.

ТҮЙІН СӨЗДЕР: нарықтық трансформация, аймақтық сәйкессіздік, жиынтық аймақтық өнім, тұрғындар саны, жұмыспен қамтылғандар саны, интегралды бағалау

ОПРЕДЕЛЕНИЕ РЕГИОНАЛЬНЫХ НЕСООТВЕТСТВИЙ И ОЦЕНКА ЭКОНОМИЧЕСКОГО ПОТЕНЦИАЛА И КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТИ РЕГИОНА

БАЙЖОЛОВА Р.А.*¹

доктор экономических наук, профессор
¹Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева,
г. Астана, Республика Казахстан

НУРАЛИНА К.Т.²

²Университет имени Шакарима города Семей, г. Семей, Республика Казахстан

АННОТАЦИЯ. Во всех странах мира регионы имеют разный уровень социально-экономического развития из-за различий в географическом положении, природно-климатических условиях, демографической ситуации, истории развития и других факторах. Это создает множество важных социально-экономических проблем. Каждое государство стремится проводить региональную политику, направленную на повышение уровня жизни в отсталых регионах, то есть выравнивание условий и повышение уровня их развития.

Цель исследования – выявить региональные несоответствия, вызванные рыночной трансформацией в Республике Казахстан, и оценить ее экономический потенциал и конкурентоспособность.

Для анализа степени регионального неравенства и основные тенденции экономического развития территории Казахстана рекомендуется использовать такие показатели, как валовой региональный продукт (ВРП), ВРП на душу населения, численность населения, численность занятого в экономике населения, объем промышленного производства и т.д. Предлагается оценка экономического потенциала и его конкурентоспособность посредством методов интегральной оценки. Данная группа показателей предлагается для оценки потенциала региона, измерения его значимости (влияющей на экономическое развитие) и динамики, характеризующей экономическую ситуацию в регионе.

КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА: рыночная трансформация, региональное неравенство, валовой региональный продукт, численность населения, численность занятых, интегральная оценка

IDENTIFYING REGIONAL INADEQUACIES AND ASSESSING THE ECONOMIC POTENTIAL AND COMPETITIVENESS OF THE REGION

BAIZHOLOVA R.A.*¹

Doctor of Economic Sciences, Professor

¹L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Republic of Kazakhstan

NURALINA K.T.²

²University named after Shakarim of Semey, Semey, Republic of Kazakhstan

ABSTRACT. In all countries, regions of the world have different levels of social and economic development due to differences in geographical location, natural and climatic conditions, demographic situation, history of development and other factors. This creates many important socio-economic problems. Every state strives to implement a regional policy aimed at raising the standard of living in backward regions, that is, equalizing conditions and increasing the level of their development.

The purpose of the study is to identify regional inadequacies caused by market transformation in the Republic of Kazakhstan, and to assess its economic potential and competitiveness.

To analyze the degree of regional inequality and the main trends of the economic development of the territory of Kazakhstan, it is recommended to use indicators such as gross regional

product (GRP), GRP per capita, population, employment in the economy, volume of industrial production, etc. And evaluation of the economic potential and its competitiveness through the integral estimation methods is considered. This group of indicators is proposed to assess the region's potential, to measure its significance (affecting economic development) and the dynamics characterizing the economic situation in the region.

KEYWORDS: market transformation, regional inequality, gross regional product, population number, number of employed, integral assessment

КІРІСПЕ. Аймақтық даму мәселелері, аймақтардың экономикалық және әлеуметтік дамуындағы сәйкессіздігінің күшеюінен нарықтық экономикаға өту кезеңінде күшейе түсті. Мемлекеттің жеке депрессиялық аймақтарында өндірістің құлдырауы, жұмыссыздықтың өсуі, гиперурбанизация, күрделі экологиялық мәселелер туындай бастады.

Әрбір аймақтың даму ерекшеліктері мен аймақ экономикасын басқару үдерістерін айқындайтын ұйымдық, экономикалық, әлеуметтік, өндірістік, институционалдық және басқа да қатынастардың ерекше ортасы мен құрылымы бар.

Трансформация үдерістерінің аймақтық жүйелердің әлеуметтік-экономикалық дамуына әсер етуінің оң және теріс факторлары А. Бузгалиннің, Ю. Колесниковтың, Э. Кочетовтың, А. Тамбиевтің және т. б. жұмыстарында зерттелген.

Қазақстандық авторлар С. Алпысбаева, Т. Притворова, А. Мұхамеджанова, А. Лұқпанова, О. Сабден, В. Кох, М. Б. Кенжегузин, Есентугелов А.Е. және басқа да бірқатар авторлардың еңбектерінде әлеуметтік-экономикалық қатынастардың трансформациясының әртүрлі аспектілері қарастырылған.

Аймақтың бәсекеге қабілеттілігі бірқатар факторларға байланысты. Қазіргі жағдайда аймақтың бәсекелестік әлеуеті халықтың біліктілігіне, энергиясы мен ерік жігеріне байланысты. «Сауда модельдері мен экономикалық белсенділік-

тің орналасуын талдағаны үшін» Нобель сыйлығының лауреаты Пол Кругманның еңбектерінің маңызы зор.


Аймақтық экономиканың теориясы мен зерттеу әдістерін Курнышев В. В., мен Глушкова В. Г. Өз еңбектерінде қарастырады. Ал Қазақстан аймақтарының даму әлеуеті мен экономикалық мамандандырылуы мәселелеріне Нурланова Н.К., Сатыбалдин А.А., Киреева А.А. сияқты зерттеушілер өз назарын аударған.

Аумақтық экономикалық жүйелердің әлеуеті мен бәсекелестік артықшылықтарын интегралды бағалауды жүргізудің бірыңғай әдістемелік тәсілі болмағандықтан, оларды есептеудің дұрыстығын және нәтиженің дұрыстығын қамтамасыз ететін осындай көрсеткіштердің бірыңғай жүйесін Қазақстан Республикасы стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі ұсынады.

Аймақтық сәйкессіздіктерді анықтау аймақтық экономикалық жүйенің жай-күйін талдау нарықтық трансформацияның жағымсыз салдарын анықтау, әлеуметтік-экономикалық мәселелерді диагностикалау және аймақтық даму тактикасы мен стратегиясын әзірлеу мақсатында жүргізіледі. Талдау мақсаттарының екі тобы бар:

1) статистикалық, белгілі бір кезеңдегі АЭЖ жағдайы бағаланған кезде;

2) динамикалық, аймақтық даму үдерісін және оның негізгі тенденцияларын уақыт аралықтары бойынша бөлін-



Сурет 1 - Аймақтық теңсіздіктің негізгі себептері [3]
Ескерту – құрастырған авторлар

ген кезде бағалау [1].

Нарықтық трансформацияның жағымсыз салдарын талдаудың мақсаты - өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму стратегиясының нұсқаларын әрі қарай негіздеу үшін аймақтың өзін-өзі дамыудың қолданыста бар сәйкессіздіктері мен пайдаланылмайтын экономикалық әлеуетін анықтау [2].

Әлемнің барлық елдерінде – аймақтар географиялық жағдайының, табиғи-климаттық жағдайларының, демографиялық ахуалдың, даму тарихының және басқа да факторлардың айырмашылығына байланысты әлеуметтік-экономикалық дамудың әртүрлі деңгейіне ие. Бұл көптеген маңызды әлеуметтік-экономикалық мәселелерді тудырады. Әрбір мемлекет артта қалған аймақтарда өмір сүру деңгейін жақсартуға, яғни жағдайларды теңестіруге және олардың даму деңгейін арттыруға бағытталған аймақтық саясатты жүргізуге ұмтылады.

Нарықтық қатынастарға өту жағдайында аймақтық экономиканың маңызы арта

түсті. Қоғамдық-экономикалық қатынастарды реформалау аймақаралық дифференциацияның күшеюімен, аймақтар дамуындағы теңсіздіктердің күшеюімен қатар жүреді (сурет 1).

Әлеуметтік-экономикалық әлеуеттің мөлшері аумақтағы ресурстардың барлық кешенін пайдалану, оның құрылымының ерекшеліктерін, географиялық жағдайын, экономикалық өсу тенденцияларын, әлеуметтік және институционалдық факторларды пайдалану кезінде аймақтың әлеуетті мүмкіндіктері мен резервтерімен сипатталады. Аумақтың экономикалық бейінін бағалаудың әдістемелік тәсілдерін әзірлеу кезіндегі негізгі міндеттердің бірі аймақтың даму динамикасына талдау жүргізу болып табылады. Мәселе аумақтың экономикалық профилін бағалаудың сенімді, объективті және кешенді әдістемесін әзірлеу туралы, қолда бар ресурстарды салыстырудың және экономикалық өсу резервтерін анықтаудың және аймақтық саясаттың көптеген аспектілерін іске асырудың ыңғайлы құралы

бола алады [4].

Әлеуметтік-экономикалық әлеуеттің мөлшері аумақтағы ресурстардың барлық кешенін пайдалану, оның құрылымының ерекшеліктерін, географиялық жағдайын, экономикалық өсу тенденцияларын, әлеуметтік және институционалдық факторларды пайдалану кезінде аймақтың әлеуетті мүмкіндіктері мен резервтерімен сипатталады. Аумақтың экономикалық бейінін бағалаудың әдістемелік тәсілдерін әзірлеу кезіндегі негізгі міндеттердің бірі аймақтың даму динамикасына талдау жүргізу болып табылады. Мәселе аумақтың экономикалық профилін бағалаудың сенімді, объективті және кешенді әдістемесін әзірлеу туралы, қолда бар ресурстарды салыстырудың және экономикалық өсу резервтерін анықтаудың және аймақтық саясаттың көптеген аспектілерін іске асырудың ыңғайлы құралы бола алады [4].

Ұлттық экономиканың нарықтық трансформацияның жағымсыз салдарынан туындаған сәйкессіздікті талдаудың әдістемелік тәсілдері аймақтық экономикалық жүйелердің орналасуы мен дамуына талдау жасау құралдарының жиынтығы болып табылады, олардың ішіндегі ең маңыздылары:

1) индекстік әдіс - қандай да бір уақыт кезеңіндегі талданатын көрсеткіштің нақты деңгейінің арақатынасын білдіретін салыстырмалы индикаторларға немесе кеңістіктік салыстыру кезінде - талданатын көрсеткіштің нақты деңгейінің өзара немесе осы көрсеткіштің орташа республикалық мәнімен әртүрлі өңірлер бойынша арақатынасына негізделген.

2) коэффициент әдісі - белгілі бір салыстырмалы көрсеткіштерді (коэффициенттерді) есептеумен байланысты, олардың мәндерін әртүрлі уақыт кезеңдерінде,

әртүрлі қызмет түрлері бойынша, қабылданған нормативтік мәндермен салыстыруға болады.

Нарықтық трансформацияның жағымсыз салдарын төмендету мақсатында аймақтың әлеуеті мен экономикалық профилін бағалау әдістері келесі екі топқа жіктелді.

Бірінші топ. Қазақстан аумағының экономикалық дамуының негізгі трендтерін талдау және аумақтық сәйкессіздік дәрежесін бағалау әдістері.

Қазіргі кезеңде жаһандану мен интеграция жағдайында әлеуметтік-экономикалық дамудың шешілмеген проблемаларының бірі өсіп келе жатқан аймақаралық экономикалық сәйкессіздік болып табылады. Аймақтардың дамуының біркелкі еместігі ұлттық экономиканың құрылымы мен тиімділігіне, институционалдық қайта құрулардың тактикасы мен стратегиясына, кез келген мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатына айтарлықтай әсер етеді. Нарықтық трансформацияның жағымсыз салдары аймақтардың дамуындағы сәйкессіздіктердің пайда болуы болып табылады. Өңіраралық диспропорцияларды жою ісінде елеулі табыстарға қол жеткізген елдер серпінді және орнықты экономикалық өсуді қамтамасыз етеді.

Қазақстан табиғи және экономикалық әлеуетпен қамтамасыз етуде елеулі айырмашылықтары бар мемлекеттерге жатады, бұл аймақтың даму деңгейінде, әлеуметтік инфрақұрылым объектілерімен қамтамасыз етілуінде, инвестициялық мүмкіндіктерде көрінеді. Аймақтардың әртүрлі бастапқы деңгейі, шаруашылықтардың құрылымы мен мамандануындағы айырмашылықтар, нарықтық реформалар жылдарындағы дағдарыстық процестердің айқындығы мен тереңді-

гінің екіұштылығы, оларды жүзеге асыру қарқыны мен нысандары Қазақстан өңірлерін тең емес жағдайларға душар етті, бұл олардың саралануын тереңдетуге ықпал етті.

Аймақаралық экономикалық сәйкессіздікті жеңілдету, нарықтық трансформацияның жағымсыз салдарын төмендету өңірлік саясаттың маңызды бағыты болып табылады. Өңірлердің әлеуметтік-экономикалық даму деңгейлерін теңестіру әрқашан маңызды.

Аумақтың экономикалық дамуының негізгі тенденцияларын талдаумен қатар аумақтық сәйкессіздікті бағалауды жүзеге асыру маңызды.

Елдің жекелеген аймақтарының сәйкессіздік дәрежесі экономикалық дамудың қай тараптары бағаланатынына және қандай көрсеткіштерге байланысты әр түрлі болуы мүмкін деген болжам бар. Аймақтық кеңістіктегі сәйкессіздік дәрежесін толық анықтау елдің экономикалық жүйесінің барлық аймақтарын қарастыруды білдіреді.

Ел өңірлерінің әлеуметтік-дамуындағы кеңістіктік сәйкессіздік дәрежесін бағалау үшін ең қарапайым көрсеткішті – сәйкессіздік коэффициентін (немесе ауқым коэффициентін), оның ең жоғары мәніне қол жеткізілген өңір бойынша таңдалған көрсеткіштің осы көрсеткіштің ең төменгі мәні бар өңір бойынша ұқсас көрсеткішке қатынасы ретінде есептеу қабылданған. Бұл көрсеткіш формуламен есептеледі:

$$Kd = \max Pr / \min Pr, \quad (1)$$

мұндағы Kd - кеңістіктік дифференциация коэффициенті;

$\max Pr$ – аймақтың әлеуметтік - экономикалық көрсеткішінің ең жоғары мәні;

$\min Pr$ - аймақтың әлеуметтік-эконо-

микалық көрсеткішінің ең төменгі мәні.

Ел аймақтарының әлеуметтік-экономикалық дамуының кеңістіктік сәйкессіздік деңгейін бағалау алгоритмі мынадай кезеңдерді қамтыды:

- статистикалық көрсеткіштерді таңдау;
- таңдалған статистикалық көрсеткіштер бойынша кеңістіктік сәйкессіздік коэффициенттерін есептеу;
- ел аймақтарының анықталған динамикасы мен кеңістіктік сәйкестік деңгейіне терең талдау жүргізу;
- өңірлердегі әлеуметтік-экономикалық жағдайларды теңестірудің бағыттарын, тиімді тетіктері мен әдістерін негіздеу үшін өңірлердің рейтингтерін айқындау және оларды топтарға саралау.

Аймақтық сәйкессіздік дәрежесін және Қазақстан аумағының экономикалық дамуының негізгі трендтерін талдау үшін мынадай көрсеткіштерді пайдалану ұсынылады: жалпы өңірлік өнім (ЖАӨ), жан басына шаққандағы ЖАӨ, халық саны, экономикада жұмыспен қамтылғандар саны, өнеркәсіп өнімінің көлемі т.б.

Аймақтық экономиканың негізгі және дәстүрлі әдістерінің бірі - аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуын талдау. Ол аймақтық әлеуметтік-экономикалық жүйеде бар негізгі құбылыстар мен пропорцияларды сипаттайтын статистикалық көрсеткіштер жүйесін қолдануға негізделген. Толық экономикалық диагностика әдістемесі өте күрделі және әлі стандартталмаған, сондықтан біз талдаудың ең көп таралған әдістерін қарастырамыз.

Бағалаудың негізгі әдістері

Экономикалық талдауда келесі бағалау әдістері қолданылады:

- бірқатар жеке көрсеткіштерді жинақтайтын бірыңғай (интегралды) көрсеткіш бойынша аумақтың рейтингін құруға мүмкіндік беретін дәреже. Дәреже (ранг)

- бұл объектінің белгілі бір реттік нөмірі. Дәреже әдісінің мақсаты - аймақтарды тұтастай бір өлшем бірлігімен салыстыру. Әдістің артықшылығы - қарапайымдылық, кемшілік - талдаудың ауқымын жоғалту және кейде жағдайды бұрмалау;

- статистикалық, статистикалық көрсеткіштер жүйесін пайдалануға; диаграммалар мен трендтерді құруға негізделген. Соңғы жағдайда статистикалық өңдеуге арналған мәліметтер саны жеткілікті үлкен болуы керек;

- модельдеу аймақтың салааралық тепе-теңдігін және регрессиялық модельдерді құруға, корреляциялық талдауға және т.б. негізделген. Корреляциялық талдаудың мақсаты - саны орындалатын

корреляция түріне байланысты болатын (жұптасқан немесе көп факторлы) кейбір шамалардың өзара байланысын анықтау. Регрессиялық модель - бұл функционалды тәуелділік, график құру және көбінесе тренд. Көрсеткіштердің дисперсиясы бағаланады: квадраттық ауытқу, дисперсия, корреляция коэффициенті, вариация коэффициенті;

- бірнеше интегралды көрсеткіштер негізінде алынған ақпаратты жалпылауға мүмкіндік беретін интегралды әдіс. Бұл рейтингтік жүйелерді қалыптастыруға, салыстыруды жүзеге асыруға, аймақтық дамудың негізгі мәселелерін бөліп көрсетуге мүмкіндік береді.

Екінші топ. Аумақтың экономикалық

Кесте 1 – Аймақтың экономикалық әлеуетін бағалау индикаторлары

№	Индикатор және есептеу формуласы	Шартты белгілері
1	ЖІӨ коэффициенті $K(ЖӨӨ)$, $KЖӨӨ = ЖӨӨ / ЖІӨ$	ЖӨӨ – жалпы аймақтық өнім
2	Аймақтың өнеркәсіптік өндіріс көлемінің коэффициенті $K(ӨӨК)$, $KӨӨК = ӨӨКө / ӨӨКе$	ӨӨКө – аймақтың өнеркәсіптік өндіріс көлемі ӨӨКе – елдің өнеркәсіптік өндіріс көлемі
3	Аймақтың негізгі капиталына инвестициясының көлемі коэффициенті $K(НКИК)$, $KНКИК = НКИКө / НКИКе$	НКИКө – аймақтың негізгі капиталына инвестициясының көлемі НКИКе – елдің негізгі капиталына инвестициясының көлемі
4	Аймақтың бөлшек саудасының көлемі коэффициенті $K(БСК)$, $KБСК = БСКө / БСКе$	БСКө – аймақтың бөлшек сауда көлемі БСКе – елдің бөлшек сауда көлемі
5	Аймақтың экспорт көлемі коэффициенті $K(Э)$, $KЭ = Эө / Эе$	Эө – аймақтың экспорт көлемі Эе – елдің экспорт көлемі
6	Табысы минималды күнкөріс деңгейінен төмен өңір халқының пайыздық үлесінің коэффициенті $K(хү)$, $Kхү = ХҮө / ХҮе$	ХҮө – табысы минималды күнкөріс деңгейінен төмен өңір халқының пайыздық үлесінің көрсеткіші ХҮе – табысы минималды күнкөріс деңгейінен төмен ел халқының пайыздық үлесінің көрсеткіші
7	Аймақтың жұмыссыздық деңгейінің коэффициенті $K(жд)$, $Kжд = ЖДө / ЖДе$	ЖДө – аймақтың жұмыссыздық деңгейі ЖДе – елдің жұмыссыздық деңгейі
8	Аймақтың орташа жалақысының коэффициенті $K(ож)$, $K(ож) = ОЖө / ОЖе$	ОЖө – аймақтың орташа жалақысы ОЖе – елдің орташа жалақысы

Ескерту – Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі дереккөзі негізінде құрастырылған [6].

әлеуетін және оның бәсекелестік артықшылықтарын интегралды бағалау әдістері.

Көрсеткіштердің бұл тобы аймақтың әлеуетін бағалау, оның маңыздылық дәрежесін (экономикалық дамуға әсер ететін) және өңірдегі экономикалық жағдайды сипаттайтын динамиканы өлшеу үшін ұсынылады. Ол үшін әдетте аймақтың экономикалық дамуының интегралды сипаттамаларын құру ұсынылады.

Аумақтық экономикалық жүйелердің әлеуеті мен бәсекелестік артықшылықтарын интегралды бағалауды жүргізудің бірыңғай әдістемелік тәсілі жоқ. Сондықтан оларды есептеудің дұрыстығын және нәтиженің дұрыстығын қамтамасыз ететін осындай көрсеткіштердің бірыңғай жүйесін Қазақстан Республикасы стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі ұсынады [5].

Интегралды бағалау үшін қолданылатын барлық көрсеткіштердің абсолютті емес, салыстырмалы өлшем бірліктер екеніне назар аудару керек. Аймақтың экономикалық әлеуетін және оның бәсекелестік артықшылықтарын бағалаудың жалпылама интегралдық индексі (және КТР) келесідей формула бойынша есептелуі мүмкін:

$$I_{\text{әба}} = \sum K_{\text{ЖӨӨ}} + K_{\text{ӨӨК}} + K_{\text{НКИК}} + K_{\text{БСК}} + K_{\text{Э}} + 1/K_{\text{Х}} + 1/K_{\text{ЖД}} + K_{\text{ОЖ}} \quad (2)$$

Бағалау индикаторлардың толық атауы 1-кестеде келтірілген.

Бұл әдіснамалық құралды қолдану арқылы өңірлерді бағалау нәтижелері көптеген кешенді мәселелерді шешуге мүмкіндік береді.

Аймақтың экономикалық әлеуетін және оның бәсекелестік артықшылықтарын бағалаудың ұсынылған әдістемелік

құралдары аймақтық ерекшеліктерді ескеретінін атап өтуге болады. Аймақтың әлеуетін бағалаудың алынған нәтижелерін тиімді пайдалану бәсекелестік артықшылық факторларының серпіні мен жүйелілігіне, оларды аймақтың ресурстық мүмкіндіктерімен байланыстыруға байланысты практикалық мәселелердің үлкен кешенін шешуге мүмкіндік береді.

ЗЕРТТЕУ МАТЕРИАЛДАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІ.

Қойылған мақсатты шешу үшін зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздерін анықтау және мәселені зерттеу мақсатында электронды әдеби көздер мен құжаттарды талдау; жіктеу және жүйелеу, рейтингтік және салыстырмалы зерттеу әдістері қолданылды. Зерттеу агенттіктерінің электрондық деректер базасындағы ғылыми жарияланымдар мен статистикалық мәліметтер негізінде жүзеге асырылды. Аймақтық сәйкессіздік дәрежесін және Қазақстан аумағының экономикалық дамуының негізгі трендтерін талдау үшін жалпы өңірлік өнім (ЖАӨ), жан басына шаққандағы ЖАӨ, халық саны, экономикада жұмыспен қамтылғандар саны, өнеркәсіп өнімінің көлемі т.б. сияқты көрсеткіштер пайдаланылды. Ал аймақтың экономикалық әлеуеті мен оның бәсекелестік қабілеттілігін бағалау үшін интегралды бағалау әдістері қолданылды. Көрсеткіштердің бұл тобы аймақтың әлеуетін бағалау, оның маңыздылық дәрежесін (экономикалық дамуға әсер ететін) және өңірдегі экономикалық жағдайды сипаттайтын динамиканы өлшеу үшін ұсынылады.

НӘТИЖЕЛЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ТАЛҚЫЛАУ.

Қазіргі уақытта Қазақстан өңірлері әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі бойынша дифференциацияның күшеюімен және өнеркәсіптік маманданудағы терең айырмашылықтармен сипатталады. Бұл

Қазақстанның тарихи аймақтарының айтарлықтай аймақтық ерекшеліктеріне, шикізат базасының біркелкі орналаспауына, әртүрлі табиғи-климаттық жағдайлардың болуына байланысты.

Ел аймақтарының экономикалық даму трендтерін бағалау аймақтың әлеуеті мен бәсекелестік артықшылықтарын, оның мамандануы мен өндіргіш күштерді дамытудың кешенділігін, тиімділігін, инвестициялар мен инновациялар деңгейлерін талдауды қамтиды. Жоғарыда ұсынылған әдістеме бойынша (2) Қазақстан аймақтарының экономикалық даму деңгейіне бағалау жүргізуге мүмкіндік береді.

Ел аймақтарының экономикалық даму трендтерін және олардың сәйкессіздік дәрежесін бағалау өңірлердің әлеумет-

тік-экономикалық даму көрсеткіштерінің серпіні негізінен қалыптасқан макроэкономикалық жағдайды айқындайды.

Қазақстан аймақтарының, ШҚО экономикалық әлеуетін интегралдық бағалау көрсеткіштері төмендегі кестеде 2022 жылға есептелген.

Жүргізілген есептеулерге сәйкес, 2022 жылы экономикалық әлеуеттің және оның бәсекелестік артықшылықтарының интегралдық индексі жоғары деңгейдегі көшбасшы өңірлер тобына Атырау (4,32), Маңғыстау (4,27), Түркістан (3,83), Алматы қаласы (3,78), Павлодар (3,5), Шығыс Қазақстан (3,24), Шымкент қ. (3,19), Ақмола (3,14), Астана қаласы (3,1), Батыс Қазақстан 2,99, Қостанай 2,94, Қызылорда 2,92, Солтүстік Қазақстан облыстары (2,9),

Кесте 2 – Қазақстан аймақтарының 2022 жылға экономикалық әлеуеті мен бәсекеге қабілеттілігінің интегралды бағалау көрсеткіштері

Қазақстан өңірлері	Көрсеткіштер								
	КЖӨӨ	КӨӨК	КНКИК	КБСК	КЭ	Кхү	Кжд	Кож	Қосындысы
Ақмола	0,034	0,03	0,038	0,02	0,075	1,15	0,98	0,81	3,14
Ақтөбе	0,043	0,06	0,063	0,04	0,04	0,85	0,98	0,81	2,89
Алматы	0,04	0,034	0,04	0,03	0,006	0,73	0,96	0,89	2,73
Атырау	0,13	0,27	0,2	0,027	0,39	0,63	0,98	1,69	4,32
Батыс Қазақстан	0,043	0,08	0,03	0,027	0,092	0,81	1,02	0,89	2,99
Жамбыл	0,026	0,018	0,028	0,026	0,003	0,96	1,02	0,76	2,84
Қарағанды	0,07	0,079	0,048	0,078	0,047	0,73	0,9	0,92	2,87
Қостанай	0,04	0,05	0,03	0,035	0,02	0,96	1	0,81	2,94
Қызылорда	0,023	0,02	0,027	0,025	0,008	0,96	1	0,86	2,92
Маңғыстау	0,042	0,07	0,052	0,023	0,005	1,56	1,04	1,48	4,27
2-ші кестенің жалғасы									
Павлодар	0,041	0,067	0,049	0,034	0,051	0,75	0,98	0,88	3,5
Солтүстік Қазақстан	0,021	0,01	0,024	0,021	0,006	1,1	1	0,73	2,9
Түркістан	0,034	0,019	0,049	0,018	0,011	1,87	1,06	0,77	3,83
Шығыс Қазақстан	0,06	0,07	0,064	0,093	0,042	1,03	0,99	0,89	3,24
Астана қ.	0,1	0,04	0,096	0,13	0,11	0,37	0,94	1,32	3,1
Алматы қ.	0,18	0,036	0,092	0,31	0,072	0,92	1,02	1,15	3,78
Шымкент қ.	0,03	0,019	0,036	0,045	0,01	1,27	1,02	0,76	3,19
<i>Ескерту – ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы деректері бойынша есептелген [6]</i>									

Ақтөбе 2,89, Қарағанды (2,87), Жамбыл 2,84, Алматы (2,73) кірді. 2022 жылға жүргізілген бағалауға сәйкес Атырау көшбасшы өңір болды, оның жетекші орны үлкен өндірістік әлеуетті қамтамасыз етеді. Екінші орынды - Маңғыстау облысы иеленді. Үшінші орында Түркістан облысы тұр. Көшбасшылар үштігінен кейін Алматы қаласы, Павлодар облыстары тұр.

Орташа көрсеткіштері бар өңірлер тобын мынадай облыстар құрайды: Шығыс Қазақстан, Шымкент қ., Ақмола, Астана қаласы, Батыс Қазақстан.

Көрсеткіштері төмен өңірлер тобына нарықтық конъюнктураның жағымсыз салдарына тап болған Жамбыл және Алматы облыстары.

Аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуының диспропорциясы жергілікті аймақтық нарықтардың жетілмеген жүйесінің пайда болуына алып келеді, олардың қызмет ету мүмкіндіктеріндегі және олардың даму кемшіліктеріндегі елеулі айырмашылықтармен сипатталады.

Қазақстан аймақтарының әлеуметтік-экономикалық дамуындағы қазіргі сәйкессіздіктер азаймады.

Бұл ретте Қазақстандағы нарықтық трансформация кезінде аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуының диспропорцияларын төмендету жөніндегі мемлекеттік аймақтық саясаттың нәтижелілігін ұлттық экономиканың әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерін талдау және жалпылау арқылы қарау керек. Талдау үшін 2018 жылдан 2022 жылға дейінгі елдің әлеуметтік-экономикалық даму кезеңі алынды (кесте 3).

Нарыққа өтумен бірге мынадай жағымсыз үрдістер ең алаңдатарлық болды:

- зейнеткерлер санының біртіндеп өсуі;
- белгіленген айлық зейнетақының нақты мөлшерінің төмендеуі;
- ресми жұмыссыздар санының артуы.

Осы үш көрсеткіш демографиялық сипаттағы проблемалардың өсу тенденциясын және елдің әлеуметтік-экономикалық дамуында проблемалардың туындау мүмкіндігін сипаттайды, өйткені қоғам-

Кесте 3 – Қазақстандағы 2018-2022 жылдар кезеңіндегі негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер динамикасының кестесі (салыстырмалы бағалардағы құн көрсеткіштері, өткен жылға пайызбен)

Атауы	2018	2019	2020	2021	2022
Республиканың халқының саны (жыл соңына)	101,3	101,3	101,3	101,3	101,4
Экономикада жұмыспен қамтылғандардың орташа жылдық саны	101,3	101,0	99,4	100,9	101,9
3-ші кестенің жалғасы					
Жұмыссыздар саны (жыл соңына)	100,3	99,3	101,8	100,2	101,9
Жұмыспен қамту қызметінде тіркелген жұмыссыздар саны (жыл соңына)	1,0	1,1	1,5	1,1	1,4
Зейнеткерлер саны (жыл соңына)	99,1	105,6	101,2	100,1	100,1
Орташа айлық нақты есептелген жалақы (тұтыну бағаларының индексі ескере отырып)	101,7	109,1	106,8	108,8	107,6
Белгіленген айлық зейнетақының нақты мөлшері	100,9	100,6	103,9	97,7	97,7
Жалпы ішкі өнім	104,1	104,5	97,5	104,3	103,2
Жалпы жинақтау	105,4	113,8	99,8	101,5	102,1
Өнеркәсіптік өндіріс	107,1	106,9	95,2	95,2	101,2
Ауыл шаруашылығы өнімдері	103,5	99,9	105,7	97,7	109,1
Негізгі капиталға инвестициялар	117,5	108,8	96,1	103,7	109,2

дық тауарларды өндіретін адамдардың саны азаяды, ал қоғамдық тауарларды өндірмейтін, бірақ мемлекет қамқорлық жасауы керек адамдардың саны артады.

Ақмола, Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Қарағанды, Қостанай және Павлодар облыстарында сақталып отырған көші-қон, бұл өңірлердің еңбек ресурстары мен экономикалық белсенді халқының қысқаруына, білікті жұмысшы кадрлары мен мамандардың жоғалуына әкеп соғады.

Шығыс Қазақстан облысындағы проблема теріс динамикамен сипатталатын демографиялық жағдай болып қала береді. Жыл сайынғы төмендеу 5,8-ден 7,4 мың адамға дейін. 2019 ж. – 1369,6 мың адам, 2020 ж. – 1363,8 мың адам, 2021 ж.

– 1356,4 мың адам [7].

2019 жылы өсім +7,6 мың адамды (туылды – 21,9, қайтыс болды – 14,3), 2021 жылы +4,3 мың адамды (туылды – 23,1, қайтыс болды – 18,8) құрады. Орташа өсім жыл сайын + 6,0 мың адамды құрады.

2019 жылы көші-қон сальдосы 16,5 мың адамды (кеткені – 75,5, келгені – 59,0), 2021 жылы – 11,7 мың адамды (кеткені – 46,2, келгені – 34,5). Көші-қон есебінен жыл сайын орта есеппен халық саны 13,7 мың адамға азаяды.

Халықтың едәуір төмендеуі 193,2 мың адам тұратын шекара маңындағы аудандарда немесе облыс халқының жалпы санының 26,4% -ға байқалады. Шекаралас аудандардағы халық саны 2021 жылмен

Кесте 4 - Қазақстан Республикасы өңірлері бойынша жалпы аймақтық өнімнің жан басына шаққандағы үлесі және оның деңгейі бойынша Қазақстан өңірлерін ранжирлеу, мың тг.

Қазақстан өңірлері	2018 ж	Ранг	2019 ж	Ранг	2020 ж	Ранг	2021 ж	Ранг	2022 ж	Ранг
Ақмола	2 301,0	13	2621,2	11	3102,5	11	3644,9	11	4263,6	11
Ақтөбе	3 136,0	8	3396,8	8	3329,8	9	3982,1	8	4675	10
Алматы	1 378,2	15	1585,5	15	1815	15	2217	15	2847,3	13
Атырау	12 465,5	1	14584,4	1	11970,8	1	16037,4	1	20541,2	1
Батыс Қазақстан	4 295,8	5	4501,2	5	4152,2	6	5323,6	5	6420,4	5
Жамбыл	1 366,3	16	1518,8	16	1675,8	16	1976,9	16	2264,8	16
Қарағанды	3 431,9	6	3911	7	4431,7	4	5419,3	4	6517,4	4
Қостанай	2 367,0	10	2815,9	10	3314,5	10	3885,9	9	4997,9	8
Қызылорда	2 088,1	11	2289,1	13	2033,3	14	2345,1	14	2824	14
Маңғыстау	5 682,5	4	5352,8	4	4335,1	5	4966,5	6	5357,8	7
Павлодар	3 641,1	7	4023,3	6	4151,4	7	4839,8	7	5528,9	6
Солтүстік Қазақстан	2 177,7	12	2505,9	12	2877,7	12	3313,8	12	3956,3	12
Түркістан	838,2	17	1008,1	17	1174,2	17	1363,1	17	1666,6	17
Шығыс Қазақстан	2 598,8	9	2929,2	9	3369,8	8	3723	10	4692,7	9
Астана қ.	6 359,5	3	7075,8	3	6873,6	3	6944,4	3	7881,9	3
Алматы қ.	6 635,9	2	7183,9	2	6913	2	7495,8	2	8944,8	2
Шымкент қ.	2 217,1	14	2152,1	14	2 360,3	13	2442,9	13	2689,2	15

Ескерту – ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы деректері бойынша есептелген [6]

салыстырғанда 10,7 мың адамға азайды (2021 жылы - 195,9 мың адам, 2022 жылы - 193,2 мың адам).

2023 жылдың 1 қыркүйегіндегі урбандалу деңгейі 63,4% – (ҚР – 59,3%) құрайды, облыстағы ауыл халқының саны 3 жылда 16 мың адамға азайды. (1.01.2020 жылы – 519,9 мың адам, 1.01.2022 жылы – 503,9 мың адам).

Облыс халқы қартаюға бейім. 1.01.2022 ж. – 250,0 мың адам, 1.01.2023 ж. – 246,8 мың адам [7].

Аймақтық дамудың диспропорциясы айтарлықтай және біршама:

- халық саны бойынша Қазақстан Республикасының аймақтарындағы айырмашылықтар 10 есе (Ұлытау аймағында 221701 адам, ал Алматы қаласында

2222782);

- аумағы бойынша 3,1 есе (Ақтөбе облысы 300 629 шаршы км алып жатыр, ал ШҚО 97800 шаршы км астам);

- негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі бойынша Атырау 17,6 пайыз, Ұлытау 1,1 пайыз, яғни 16 еседен астам;

- еңбекке қабілетті халықтың өлім деңгейі бойынша Солтүстік Қазақстан 11,63, ШҚО 11,58 мың адамға шаққанда, Астана 4 мың адамға шаққанда 2,9 есе;

- кедейлік деңгейі бойынша ең жоғары көрсеткіш Түркістан облысы 9,7 пайыз, ең төменгі көрсеткіш Астанада - 2,5 пайыз, яғни 3,9 есе.

Аймақтардың әлеуметтік-экономикалық даму деңгейінде теңсіздік бар. Халықтың өмір сүру деңгейінің маңыз-

Кесте 5 – 1995-2022 жылдардағы жалпы аймақтық өнімнің (ЖАӨ) динамикасы және оның деңгейі бойынша Қазақстан өңірлерін саралау, млрд. теңге

Өңірлер (облыстар мен қалалар)	1995 ж.	2000 ж.	2005 ж.	2010 ж.	2015 ж.	2020 ж.	2022 ж.	Аймақ дәрежесі
Ақмола	57	82,9	196,8	586,0	1121	2284	3354,8	13
Ақтөбе	47,3	118,1	412,9	1173,6	1769,2	2956,9	4312,6	8
Алматы	72	124,6	322,7	997,7	1976	3731	5636,5	6
Атырау	56,5	245,5	808,2	2843,6	4216,8	7795,4	14114,7	2
Шығыс Қазақстан	109,3	238,9	467,5	1244,1	2311,3	4729	6208,2	5
Жамбыл	20,3	57,78	168,6	446,4	1014,5	1901,4	2749	14
Батыс Қазақстан	25	118,4	401,1	1048,8	1709,9	2735,9	4402,5	7
Қарағанды	151	299,9	679,8	1872,8	3107,1	6213,7	9070	4
Қостанай	66,3	158,9	322,7	856,7	1378,2	2872,2	4167,8	10
Қызылорда	20,4	57,6	242,4	859,1	1164,8	1645	2339,3	15
Маңғыстау	47,3	129,4	432,2	1484,8	2123,8	3074,4	4052,9	11
Павлодар	99,2	167,6	384,0	1031,9	1736,1	3120,1	4178,2	9
Солтүстік Қазақстан	64,9	71,1	184,7	466,9	837,2	1571,9	2122,8	16
Түркістан облысы	39,8	179,1	358,0	1205,3	2508,3	2353,4	3506,1	12
Алматы қ.	75,1	415,2	1497,4	3923,4	9100	13459,8	19066,6	1
Астана қ.	-	134,9	711,6	1774,2	4809,6	7975,3	10444,1	3
Максималды мән / минимумға	7,4	7,2	8,9	8,8	10,8	8,6	8,4	

Ескерту – ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы деректері бойынша есептелген [6]

ды сипаттамалары олардың ең төменгі күнкөріс деңгейіне қатынасын ескере отырып, жан басына шаққандағы орташа ақшалай кірістер (айына), сондай-ақ табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен азаматтардың үлес салмағы болып табылады. Бұл көрсеткіштердің ең нашар сипаттамалары Солтүстік Қазақстан мен Қызылорда облысында байқалады. Ең жоғарғы көрсеткіш Алматы қаласы мен Атырауда, сосын Астанада. Шығыс Қазақстан аймағы 5 орында.

Осының барлығы Қазақстан аймақтарының әлеуметтік-экономикалық даму деңгейіндегі сәйкессіздікті көрсетеді, бұл сәйкессіздік аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуының әркелкілігіне алып келеді [8].

Енді ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен табысы бар халықтың үлесі (кедейшілік деңгейі) Қазақстан өңірлері бойынша қарастыратын болсақ, халықтың ең көп үлесі ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен өңір – Түркістан облысы – 10,8%. Екінші орында Шығыс Қазақстан аймағында пессимистік көрсеткіш 6,2%-ды, және Солтүстік Қазақстан облысы – 5,6%-ды құрады. Табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен халықтың ең азы елордада – Астана (1,1%), Қарағанды (2,5%) және Атырау (2,5%) облыстарында.

Аймақтық даму деңгейінің ең маңызды және ең ақпараттық индикаторы - жан басына шаққандағы жалпы аймақтық өнім.

Қазақстан Республикасы өңірлері бойынша жалпы аймақтық өнімнің жан басына шаққандағы үлесі бойынша ҚР-ның жекелеген субъектілерінің айырмашылықтары 12,3 есеге жетеді. Атырау облысында бұл көрсеткіш 20541,2 теңгені, ал Түркістан облысында 1666,6 теңгені құрайды (4-кесте).

Жан басына шаққандағы жалпы ай-

мақтық деректер экономикалық кеңістіктің сақталып отырған әркелкілігі туралы айтуға мүмкіндік береді, көшбасшылар Атырау облысы, Алматы және Астана қалалары, Қарағанды облысы болып табылады.

Аутсайдерлердің қатарында Түркістан, Жамбыл, Алматы, Қызылорда облыстары, яғни дәстүрлі аграрлық мамандандыру өңірлері бар. Бұл жағдайда экономикалық кеңістіктің поляризациясы байқалады. Бір полюсте дамыған елдер деңгейінде жан басына шаққандағы ЖАӨ көрсеткіші бар аймақтар, ал екінші полюсте артта қалған елдермен салыстыруға болатын аймақтар бар. Атырау облысы Түркістан облысынан асып түседі, алшақтық 12,3 есеге жетеді.

Аймақтың экономикалық әлеуетін және оның бәсекеге қабілеттілігін бағалаудың маңызды көрсеткіштерінің бірі экономиканың даму деңгейін, оның құрылымының ерекшеліктерін, экономиканың жекелеген секторларының жұмыс істеу тиімділігін сипаттайтын жалпы аймақтық өнімнің (ЖАӨ) индикаторы болып табылады. ЖАӨ, ең жалпылама көрсеткіш ретінде, көп бағытты әлеуметтік-экономикалық тенденцияларды орташалайды, аумақтық айырмашылықтардың нақты көрінісін береді және көбінесе құрылымдық өзгерістерді егжей-тегжейлі талдауды қажет етеді.

ЖАӨ есептеудің әртүрлі әдістерін қолдану репродуктивті үдерістің жекелеген аспектілерінің өзара байланысын талдауға мүмкіндік береді: тауарлар мен қызметтерді өндіру, кірістерді бөлу және тауарлар мен қызметтерді түпкілікті пайдалану.

Қазақстанның экономикалық кеңістігін дамытудың әлеуеті мен негізгі трендтерін талдау 1995-2022 жылдар кезеңінде, ал жекелеген көрсеткіштер бойынша ал-

дын ала деректерге сәйкес – 2022 жылы еліміздің 16 өңірі бөлінісінде жүргізілді.

Қазақстанда ЖАӨ өсуінің бүгінгі қарқыны әлемдік экономикадағы жағдайдың нашарлауына қарамастан ұзақ мерзімді трендтен асып түседі.

5-кестеде ЖАӨ динамикасы ұсынылған, 1995-2022 жж. осы жалпылама көрсеткіш бойынша Қазақстан аймақтарының айырмашылықтарының дәрежесіндегі сәйкессіздік және оны бағалау жүзеге асырылған.

Қазақстан аймақтары даму деңгейі бойынша ең күшті сараланумен, экономикалық мамандану мен халықтың әлеуметтік құрылымындағы терең айырмашылықтармен сипатталады. Ел аймақтарының әлеуметтік-экономикалық дамуындағы кеңістіктік сәйкессіздік деңгейін бағалау үшін таңдалған статистикалық көрсеткіштер бойынша кеңістіктік саралау коэффициенттерін есептеу жүргізілді. Жоғарыда келтірілген формулаға сәйкес ЖАӨ деңгейі бойынша кеңістіктік дифференциацияның есептік коэффициенттерін талдау (2) талданған кезеңде аймақтардың экономикалық теңсіздігі күшейгенін көрсетті, бұл коэффициенттердің мәні 7,2-ден 8,4-ға дейін өсті.

Осы көрсеткіш бойынша елдің әрбір өңірінің орнын айқындау үшін оларды саралау жүзеге асырылды, бұл ретте ең жоғары көрсеткіші бар өңірге 1-ші дәреже, ал ең төмен көрсеткіші бар өңірге Қазақстан аймақтарының саны бойынша 16-шы дәреже берілді. 4-кесте деректерінен көріп отырғанымыздай, осы көрсеткіш бойынша ең жоғары рейтинг Алматы қ., Атырау, Астана қ. және Қарағанды облыстарына берілді. Ең төменгі дәрежелер агроөнеркәсіптік өңірлерге – Ақмола, Жамбыл және Қызылорда, Солтүстік Қазақстан, облыстарына берілді.

Аймақтық сәйкессіздіктің өсуі жетекші

үрдіс болып қала береді, республика экономикасы ерекше артықшылықтары бар өңірлердің шектеулі санына шоғырланды: Алматы, Атырау облысында, Қарағанды облысында, Астанада. Қазақстанның төрт жетекші өңірінің (Атырау, Қарағанды облыстары және Астана және Алматы қалалары) үлесіне ЖАӨ-нің жартысынан астамы тиесілі.

Жоғарыда келтірілген деректерге сүйене отырып, соңғы жылдары Қазақстанда қуатты ғылыми-техникалық әлеуеті және дамыған қызмет көрсету секторы бар шикізат өндіретін өңірлер мен Астана және Алматы қалалары жетекші орынға ие өңірлердің жаңа градациясы қалыптасқанын қорытындылауға болады.

Ел аумағының экономикалық дамуының негізгі тенденциялары экономиканың барлық салаларында жұмыс істейтіндердің саны сияқты жалпылама көрсеткішпен айқын сипатталады. Деректер экономикадағы жұмыспен қамтылғандардың, жұмыс орындарының және халықтың экономикалық белсенділігінің өсуі Қазақстанның барлық өңірлерінде байқалғанын көрсетеді. Бұл көрсеткіштің ең көп өсуі еліміздің Астанасында - 3,59 есе байқалды, Мұнай және газ өндіру өңірлерінде (Атырау, Маңғыстау, Ақтөбе облыстарында, сондай-ақ Алматы қаласы мен Алматы облысында) жұмыспен қамтылғандар саны жоғары қарқынмен өсті.

Қазақстанның ескі индустриялық өңірлерінде (Шығыс Қазақстан, және Солтүстік Қазақстан облыстары) талданып отырған 15 жыл ішінде жұмыспен қамтылғандар саны іс жүзінде өскен жоқ, бұл бір жағынан, осы өңірлердің экономикалық дамудағы көшбасшылық позицияларын жоғалтқанын, екінші жағынан, халықтың жалпы санының азайғанын айғақтайды. Бұл елдің басқа аймақтарымен салы-

стырғанда сыртқы көші-қонның едәуір көлемімен түсіндіріледі. Жалпы алғанда, осы көрсеткіш бойынша асимметрияның алшақтығы ЖАӨ сияқты жоғары емес және төмендеу үрдісі бар деген қорытынды жасауға болады.

ҚОРЫТЫНДЫ. Аймақтық саралаудың деңгейі мен динамикасын талдауға сүйене отырып, Қазақстан аймақтарының экономикалық даму сипаты бойынша келесідей қорытынды жасауға болады:

1. Қазақстан экономикасының аймақтық дамуының біркелкі емес:

- экономикалық кеңістіктің біркелкі емес дамуының тереңдеуі депрессиялық аймақтардың сақталғандығы және жаңа проблемалық аймақтардың елді мекендердің пайда болғандығын көрсетеді;

- ел аймақтарының экономикалық дамуындағы кеңістіктік диспропорциялардың сақталып отырған елеулі ауқымы өңірлердің жаңа градациясының қалыптасуының дәлелі болып табылады.

2. ЖАӨ көрсеткіші және өнеркәсіп өнімінің көлемі өңірлердің рейтингтік бағалауларының серпінін сипаттайды.

Жоғарыда келтірілген деректер 2000-2022 жж. талданып отырған кезеңде Қазақстан аймақтарының рейтингтеріндегі елеулі өзгерісті айқын көрсетеді. Өңірлердің жалпы рейтингінде Шығыс Қазақстан, Қарағанды және Павлодар, Қостанай облыстарының жалпы ЖАӨ бойынша өз позицияларын төмендетті, өнеркәсіп өнімінің көлемі бойынша бұл өңірлердің рейтингі төмендеді. Астана және Алматы мегаполистері ЖАӨ деңгейі бойынша бастапқы орындарға ие, ал Астана дәрежесі 20 жыл ішінде 9-шы позициядан 3-ші позицияға дейін көтерілді, бұл сервистік салалардың белсенді дамуы есебінен экономиканың өсуімен түсіндіріледі.

3. Қазақстан экономикасының аймақтық дамуының мынадай ерекшеліктерін бөліп көрсетуге болады:

1) ұлттық экономиканы әлемдік нарықтың сұраныстарына бейімдеу нәтижесінде аумақтық-салалық құрылымда өзгерістер болды. Экспортқа отын мен шикізат жеткізуші өңірлер экономика мен инвестициялық белсенділіктің (Атырау, Қарағанды, Шығыс Қазақстан) көшбасшысы болды. Бұл аймақтар шетелдік капитал үшін ең тартымды болып шықты.

2) Астана және Алматы қалалары постиндустриалды орталықтар ретінде қалыптасуда.

3) ауыл шаруашылығы маманданған өңірлер (Солтүстік Қазақстан, Жамбыл, Түркістан, Қызылорда облыстары) өз позицияларын күрт төмендетті.

Нәтижесінде Қазақстан экономикасының аумақтық-салалық құрылымы қалыптасты, бұл өңірлердің бірнеше тобын бөлуге мүмкіндік берді:

- Атырау, Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Маңғыстау облыстары - шикізат өңірлері;

- Шығыс Қазақстан, Қарағанды және Павлодар облыстары - ескі өнеркәсіп өңірлері;

- Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Ақмола, Алматы, Жамбыл және Түркістан облыстары - аграрлық-өнеркәсіптік өңірлер;

- Астана қ. және Алматы - постиндустриалды аймақтар.

4. Талданған жылдары аймақтардың жаңа иерархиясы қалыптасты. Егер бұрын Қазақстанның экономикалық бейінін индустриялық өңірлер айқындаған болса, қазір экспортқа отын өндіретін өңірлер, сондай-ақ сауда-банк капиталының шоғырлану аудандары (Астана және Алматы қалалары) басым болып отыр.

Зерттеу барысында алынған нәтиже-

лерді аймақтық экономикалық жүйенің жай-күйін талдау, нарықтық трансформацияның жағымсыз салдарынан туындаған сәйкессіздікті анықтау, әлеуметтік-эко-

номикалық мәселелерді диагностикалау және аймақтық даму тактикасы мен стратегиясын әзірлеудің ақпараттық негізі ретінде пайдалануға болады

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Зандер, Е.В. Мониторинг социально-экономических процессов как инструмент регионального управления и территориального планирования [Текст]: монография / Е.В. Зандер, Е.В. Лобкова, Т.А. Смирнова; М-во образования и науки Российской Федерации, Сибирский федеральный ун-т. - Красноярск: СФУ, 2016. - 279 с.: табл.; 21 см.; ISBN 978-5-7638-3377-5: 500 экз.
2. Курнышев, В.В. Региональная экономика. Основы теории и методы исследования: учеб. пособие / В.В. Курнышев, В.Г. Глушкова. - М., 2010. - С. 86.
3. Петросянц, В.З. Зарубежный опыт государственного регулирования регионального развития / В.З. Петросянц // Региональные проблемы преобразования экономики. – 2016. - №10.
4. Нурланова, Н.К. Методические основы и практика оценки потенциала развития и экономической специализации регионов Казахстана: брошюра / Н.К. Нурланова, А.А. Сатыбалдин, А.А. Киреева / под ред. А.А. Сатыбалдина. – Алматы: ИЭКНМОН РК, 2016 г. – 74 с.
5. Сатыбалдин, А.А. Политика пространственного развития экономики Казахстана: Новые принципы, ключевые приоритеты и механизмы реализации: коллективная монография / А.А. Сатыбалдин, Н.К. Нурланова. – Алматы: Институт экономики Министерства образования и науки Республики Казахстан, 2017. – 484 с.
6. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы [Электронный ресурс]. - URL: <https://stat.gov.kz> [дата обращения: 30.06.2024]
7. Нұралина Қ.Т. Аймақтың әлеуметтік экономикалық дамуындағы демографиялық үрдістердің рөлі (Шығыс Қазақстан аймағы мысалында) / Қ.Т. Нұралина // Қарағанды университетінің хабаршысы. Экономика сериясы. – 2021. - № 3(103). - Б. 155-163.
8. Нұралина Қ. Т., Абылкасимова Ж.А., Куантқан Б. Қазақстанның және аймақтық экономиканың нарықтық трансформациялануының жағымсыз салдарын зерттеу / Қ.Т. Нұралина // Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда Университеті жаршысы. – 2022. - № 1(46). – Б. 45-53.
9. Яновская, О.А. Экономика знаний: векторы маркетинговой и коммуникационной стратегий / О.А. Яновская // Education. Quality Assurance. - 2024. - №1(34). - С. 25-32.

REFERENCES:

1. Zander, E.V., Lobkova, E.V. & Smirnova, T.A. (2016). Monitoring social'no-jekonomicheskikh processov kak instrument regional'nogo upravlenija i territorial'nogo planirovanija: monografija [Monitoring of socio-economic processes as a tool of regional management and territorial planning: monograph]. M-vo obrazovanija i nauki Rossijskoj Federacii, Sibirskij federal'nyj un-t, Krasnojarsk: SFU.
2. Kurnyshev, V.V. & Glushkova, V.G. (2010). Regional'naja jekonomika. Osnovy teorii i metody issledovanija: uceb, posobie. M.

3. Petrosjanc, V.Z. (2016). Zarubezhnyj opyt gosudarstvennogo regulirovanija regional'nogo razvitija. Regional'nye problemy preobrazovanija jekonomiki, 10.
4. Nurlanova, N.K., Satybaldin, A.A. & Kireeva, A.A. (2016). Metodicheskie osnovy i praktika ocenki potenciala razvitija i jekonomicheskoy specializacii regionov Kazahstana: broshjura. Satybaldin A.A. (ed.). Almaty: IJeKNMON RK.
5. Satybaldin, A.A. & Nurlanova, N.K. (2017). Politika prostranstvennogo razvitija jekonomiki Kazahstana: Novye principy, kljuचेveye priority i mehanizmy realizacii: kollektivnaja monografija. Almaty: Institut jekonomiki Ministerstva obrazovanija i nauki Respubliki Kazahstan.
6. Қазақстан Республикасы Стратегиялық зһоспарлау зһәне reformalar agenttigi Ұлттық статистика бјuroсы. <https://stat.gov.kz>
7. Nūralina, Q.T. (2021). Aймақтың әлеуметтік экономикалық дамуындағы демографиялық үрдистердің рөлі (Ғығымс Qazaqstan аймағы мысалында). Qарағанды университетінің habаршысы. Экономика seriesy, 3(103), 155-163.
8. Nūralina, Q.T., Abylkasimova, J.A. & Kuantkan, B. (2022). Qazaqstannyñ және аймақтық экономиканың naryқтық transformasianuynyñ jaғымсыз saldaryn zertteu. Qazaq экономика, qarjy және halyqаралық sauda Universiteti jarшысы, 1(46), 45-53.
9. Yanovskaya, O.A. (2024). Knowledge economy: vectors of marketing and communication strategies. *Education. Quality Assurance*, 1(34), 25-32.

СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ:

Байжолова Раиса Алиевна* - экономика ғылымдарының докторы, экономика және кәсіпкерлік кафедрасының профессоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан Республикасы
E-mail: baizholova_55@mail.ru

Нұралина Каламкас Тлеугабыловна - бизнестің жоғары мектебі кафедрасының оқытушысы, Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті, Семей қ., Қазақстан Республикасы
E-mail: Nuralina73@mail.ru

Байжолова Раиса Алиевна* - доктор экономических наук, профессор кафедры экономика и предпринимательство, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, г. Астана, Республика Казахстан
E-mail: baizholova_55@mail.ru

Нұралина Каламкас Тлеугабыловна - преподаватель кафедры высшая школа бизнеса, Университет имени Шакарима города Семей, г. Семей, Республика Казахстан
E-mail: Nuralina73@mail.ru

Baizholova Raissa* - Doctor of Economic Sciences, Professor of the Department of Economics and Entrepreneurship, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Republic of Kazakhstan
E-mail: baizholova_55@mail.ru

Nuralina Kalamkas - Lecturer at the Department of Higher School of Business, University named after Shakarim of Semey, Semey, Republic of Kazakhstan
E-mail: Nuralina73@mail.ru